

**"Қоғалыкөл ауылдық округінің 2019 – 2021 жылдарға арналған бюджеті туралы"
Сырдария аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы №266 шешіміне
өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2019 жылғы 19 қарашадағы № 349 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 21 қарашада № 6978 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес Сырдария аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Қоғалыкөл ауылдық округінің 2019–2021 жылдарға арналған бюджеті туралы" Сырдария аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 266 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6601 нөмірімен тіркелген, 2019 жылғы 10 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2019-2021 жылдарға арналған Қоғалыкөл ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1 , 2, 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 118500, 4 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 5785 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 15 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 112700, 4 мың теңге;

2) шығындар – 120546, 4 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 2046 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 2046 мың теңге;

қарыздар түсімі – 0;

қарыздарды өтеу – 0;

бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары – 2046 мың теңге.".

Аталған шешімнің 1- қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Аудандық мәслихаттың кезектен тыс 44 сессиясының төрағасы:

Е.Жақып

Аудандық мәслихаттың хатшысы:

Е.Әжікенов

Сырдария аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 19 қарашадағы №349 шешіміне қосымша

Сырдария аудандық мәслихаттың 2018 жылғы 26 желтоқсандағы №266 шешіміне 1 - қосымша

Қоғалықкөл ауылдық округінің 2019 жылға арналған бюджеті

Санаты	Сыныбы			Сомасы, мың теңге
		Кіші сыныбы	Атауы	
			1. КІРІСТЕР	118500, 4
1			Салықтық түсімдер	5785
	01		Табыс салығы	2173
		2	Жеке табыс салығы	2173
	04		Меншікке салынатын салықтар	3612
		1	Мүлікке салынатын салықтар	40
		3	Жер салығы	160
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	3412
2			Салықтық емес түсімдер	15
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	15
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	15
4			Трансферттер түсімі	112700, 4
			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған	

	02		органдарынан түсетін трансферттер	112700, 4
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	112700, 4
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			Атауы	
			2. ШЫҒЫНДАР	120546, 4
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	29273
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	29273
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	27702
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1571
04			Білім беру	63870
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	63870
		004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	38115
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	25755

06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	3330
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3330
		003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	3330
07			Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық	7766
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	7766
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	3650
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	292
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	3824
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	16307, 4
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	16307, 4
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	16207, 4
		028	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізу	100
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-2046
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(2046

8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	2046
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	2046
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	2046

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК